

ОӘЖ 03.02.01

АЛМҰРТ (PYRUS) ТҮРЛЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ-БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БАУЛУДАҒЫ РОЛІ

Тасбулат Арайлым Русланқызы

*магистрант, Жаратылыстану факультеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі: Калиева А.К.

Мақалада алмұрт түрінің шаруашылық – биологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру және оны егіп, күтіп – баптауда, зиякестермен күресуде және т.б. жұмыстарда білім алушылардың білім деңгейінен бөлек, еңбекке деген тәрбиеге баулуға арналып жүргізілетін жұмыстар легі курстар бойынша бөліп көрсетілген. Аталған жұмыстарды жүргізе отырып, студенттердің бойында қалыптасатын машық – дағдылар туралы сөз қозғалып, шығармашылық ойлануына, түрді қабілеттерді игеруіне жол ашылады. Тек теориялық білімді игеріп, практикалық жұмыстармен ғана шектелмей, осы секілді жұмыстарды жүргізу арқылы болашақ жас маманды дайындауда септігін тигізетін жұмыстар легі туралы айтылды.

Кілт сөздер: алмұрт тұқымы, шаруашылық – биологиялық ерекшеліктер, еңбекке баулу.

Жалпы зерттеу негізінде алмұрт (pyrus) түрі алма және шиемен бірге бау-бақшада ең көп таралған жеміс дақылдарының үштігіне кіреді. Бұл жеміс туралы алғашқы жазбалар ежелгі грек әдебиетінде де кездеседі, алайда, түрдің географиялық тұрғыдан нақты шыққан жері белгісіз.

Алмұрт ағашының биіктігі шамамен 20 метрдей, кейде үлкен бұта түрінде де кездеседі. Оның өркендері тікенді болып келеді. Жапырақтары ұзын – дөңгелек, қысқа ұшты болады. Гүлдері 6 – 12 аралығындағы гүлшоғырларға жинақталып өседі.

Кәдімгі алмұрт жапырақтары пайда болғанға дейін ерте көктемде гүлдейді. Ақ жапырақтары бар кішкентай гүлдер қолшатырларға жиналады. Гүлдену екі аптаға дейін созылады. Бұл өсімдік бал өсімдіктерінің қатарына жатады.

Кәдімгі алмұрт-оңтүстік аймақтарға арналған өсімдік. Көптеген жылдар бойы аязға төзімді сорттар өсірілді, соның арқасында өсіп келе жатқан аймақ Оралға және Батыс Сібірге таралды. Ағаштың декоративтілігін де назардан тыс

қалдыруға болмайды-гүлдену кезінде таспа құрттар мен топтық екпелер керемет көрінеді.

Зерттеу жұмысын жүргізу негізінде алмұрттың осы ерекшеліктерін ескере отырып, университет жанында өсіріп, олармен студенттердің жұмыстануына баса назар аудардық. Яғни, студенттердің дәстүрлі форматта ғана аудиториялық сағаттармен шектелмей, олардың танымдық қызығушылықтарын арттыру мақсатында әртүрлі жұмыстар жүргізіп, еңбек тәрбиесіне баулу негізінде жұмыстандық.

Бұл аталған шаралардың өзіндік пайдасы мен білім алушылардың кәсіби мамандануына және тұлғалық дамуына, алған білімін практикалық тұрғыда қолдануына келтіретін зор үлесі бар. Мысалы еліміздің агрономиялық аспектісінің дамуына да әсер ететін осы болашақ мамандар екенін ескере отырып, оларға түрлі эксперименттер жасауды, сонымен бірге ағаштарды бір – бірінен биологиялық – шаруашылық ерекшеліктері арқылы ажырата білуді үйреткен жөн [1].

Білім алушы практикалық жұмыстарды жасау барысында немесе өзіндік жеке жұмыстарды жасау кезінде де осындай жеміс ағаштарымен және басқа да тәлімбақ жұмыстарына қатысты тапсырмалар мен орындалу керек кішігірім жобаларды беру арқылы олардың қызығушылығын оятып, негізгі мақсат – еңбекке тәрбиелеуге қол жеткізе аламыз. Ол үшін практикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде де орман шаруашылығы орталықтарына, одан бөлек танымжорықтар жасау кезінде де түрлі жеміс немесе басқа да ағаштардың жабайы және түрлі сорттарымен таныстырып, биологиялық ерекшеліктері туралы білімді игерту аса маңызды болып табылады.

Егер білім алушылар бірінші курстарда тек биологиялық ерекшеліктерді сипаттап, анықтап, оларды зерттеп, біліп, түсініп, әртүрлі альбомдық суреттемелермен жұмыс жасап, теориялық базаны қалыптастыратын болса, жаздық практикалық зерттеу кезінде оларға танымжорықтар жасап, оқытушымен бірге әртүрлі ағаштардың ерекшеліктерімен ажыратып, қандай сорт екенін бір көзқараспен анықтай алатындай деңгейге дейін машықтандыру қажет [2]. Дәл осы секілді екінші курс студенттерімен де түрлі шаралар ұйымдастырып, жеміс ағаштары, оның ішінде алмұрт неше түрлі сорттарымен жұмыс жасап, қарапайым алмұрттың басқа сорттардан ерекшелігін немесе маңызы мен артықшылығын көрсетіп, қандай мақсатта, қандай салада қолданылатынын анықтап, зерттеу қажет. Осы бірізділікпен үшінші курс білім алушыларымен де жұмыстар жүргізіледі. Бірақ бұл сұрақ тұрасында, атқарылатын шаралардың күрделілік деңгейінің өзгеріп, өсіп, жоғарыда аталған жұмыстардың тек теориялық база қалыптастыру және оны практикада анықтаумен ғана шектеліп қолданумен емес, жобалық жұмыстар жасауда, курстық жұмыстар негізінде жеміс ағаштары, оның ішінде алмұрт сорттарына тоқталып, олардың өзекті мәселелерін анықтап, Ақтөбе қаласы бойынша қанша

алмұрт сорты өсірілетінін анықтап, олардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, ашып түсіндіріп, қолдану санатына өту қажет.

Әрине мұның барлығы тек бір мақала төңірегінде шектеліп қалмай, ары қарай дамуы, ары қарай тереңдеп зерттелуі қажет тақырып. Ол өз зерттеу нысаны мен зерттеудің гипотезасына байланысты әртүрлі болып өзгеріп отыруы мүмкін [3].

Бірақ біздің басты мақсатымыз – студенттерді еңбек тәрбиесіне үйретіп, олардың машығын қалыптастырып, жақсы маман болуда үлес қосу болып табылады. Бұл сұрақ турасында аталған ағаштардың да өзіндік орны болады, яғни олар аса бір ерекше күтім қажет етіп, жеміс беруіне жағдай жасау шарт.

Ол үшін әрине болашақ биолог мамандарды дайындау кезіндегі университет базасының салатын инвестициясы өте зор және салмақты болып отыр. Мұнда оқытушылардың да жұмыс жауапкершіліктері артып, жоғары бағаланып, шығармашылық тұрғыда қызығушылығы бар білім алушымен жұмыс істеуге арнайы уақыт пен сағат бөлінуі керек.

Және университет жанындағы оқу – тәжірибе үлескесінде де әртүрлі жұмыстар жүргізіп, жылыжайдың қызметін пайдаланып, алмұрттың ондай атмосферада қалай өсетіндігін бақылау да қызықты зерттеу болады [4].

Бұл мәселелерге жауап іздеу кезінде әрине түрлі әдістемелер қолданылып, олардың ерекшеліктері мен артық – кем тұстарын байқауға мүмкіндік туатыны сөзсіз. Осындай әдістемелердің қатарына С.А.Самсоновтың жеміс ағаштарын отырғызу мтеодикасын, Н.И.Бейдеманның фенологиялық бақылау әдісін және Е.Н.Седов пен Т.П.Огольцованың есепке алу және фенологиялық бақылауын жүргізуге болады.

Мұның барлығы студентті машықтандыру және еңбекке баулу жұмыстарының қатарына кіреді. Және болашақ жас маманды қалыптастыруда өте үлкен рөл ойнайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Введение в специальность: учеб. Пособие / под ред. И.Д. Примака, А.И. Примака. - Киев: Центр учеб. литературы, 2009. – 392 с.

2. Журавская Н.С. Подготовка преподавателей аграрных дисциплин в высших учебных заведениях стран начального этапа западноевропейской интеграции Великобритании: Автореф. дис. на получение наук. степ. д-ра. пед. наук: 13.00.04 - теория и методика профессионального образования / Нина Станиславовна Журавская. – М., 2010. – 41 с.

3. Сельскохозяйственная энциклопедия / Глав. ред.: В. В. Мацкевич и П. П. Лобанов. изд. четвертое, переработать. и доп. [Т.] 1: АБ – Годечия. – М.: Сов. энциклопедия, 1969.

4. Лузан П.Г. Теоретические и методические основы формирования учебно-познавательной активности студентов в высших аграрных учебных заведениях: Автореф. дис. на получение научн. степени д-ра пед. наук: 13.00.04 - теория и методика профессионального образования / Петр Григорьевич Лузан. - Киев, 2004 – 58 с.

ХОЗЯЙСТВЕННО-БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ВИДА ГРУШИ (RYRUS) И ЕЕ РОЛЬ В ТРУДОВОМ ОБУЧЕНИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Тасбулат Арайлым Русланқызы

В статье представлена характеристика хозяйственно-биологических особенностей вида груши и выделены курсы работ, посвященные воспитанию трудоспособности обучающихся. Помимо уровня знаний о груше и ее уходе, в статье обсуждаются навыки, которые формируются у студентов, открывая пути к творческому мышлению и овладению различными навыками. Речь идет о курсах работ, способствующих подготовке будущего специалиста не только в теоретическом аспекте, но и в практическом.

Ключевые слова: семена груши, хозяйственно-биологические особенности, трудовое обучение.

PEARS (RYRUS) AND ITS ROLE IN THE LABOR EDUCATION OF STUDENTS

Tasbulat A.R.

The article presents the characteristic of economic and biological features of pear species and highlights the courses of work devoted to the education of work capacity of students. In addition to the level of knowledge about pear and its care, the article discusses the skills that are formed in students, opening the way to creative thinking and mastery of various skills. It is about courses of work that contribute to the training of the future specialist not only in the theoretical aspect, but also in the practical aspect.

Keywords: pear seeds, economic and biological features, labor training.

REFERENCES

1. Introduction to the specialty: textbook / ed. by I.D. Primak, A.I. Primak. - Kiev: Center of educational literature, 2009. - 392 p. [in Russian]
2. Zhuravskaya N.S. Preparation of teachers of agrarian disciplines in higher educational institutions of the countries of the initial stage of the West European integration of Great Britain: Author's abstract of the dissertation for a Ph: 13.00.04 - theory and methodology of professional education / Nina Stanislavovna Zhuravskaya. - M., 2010. - 41 p. [in Russian]
3. Agricultural Encyclopedia / Chief editor: V.V. Matskevich and P. P. Lobanov. ed. fourth, revised. and supplement. [Vol. 1] 1: AB - Godetia. - Moscow: Sov. encyclopedia, 1969. [in Russian]
4. Luzan P.G. Theoretical and methodical bases of the formation of educational and cognitive activity of students in higher agrarian educational institutions: Author's thesis for the degree of Doctor of Pedagogical Sciences: 13.00.04 - theory and methodology of professional education / Peter Grigorievich Luzan. - Kiev, 2004 - 58 p. [in Russian]